

Қазақстан Республикасының Халықаралық даму қауымдастығын (ХДҚ) толықтыруға қатысуын растауға арналған сом қаражатын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 қазан 1993 ж. N 1045

"Қазақстан Республикасының Халықаралық валюта қорына, Халықаралық қайта құру және дамыту банкісіне, Халықаралық қаржы корпорациясына, Халықаралық даму қауымдастығына, Көпжақты инвестициялар кепілдігі агенттігіне және Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа мүшелігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Халықаралық валюта қорына, Халықаралық қайта құру және дамыту банкісіне, Халықаралық қаржы корпорациясына, Халықаралық даму қауымдастығына, Көпжақты инвестициялар кепілдігі агенттігіне және Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа мүшелігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" 1992 жылғы 26 маусымдағы қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасының ХДҚ-ға мүшелік шарттарын қабылдағаны туралы Құжаты мен ХДҚ Басқарушылар Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы N 174 Қаулылары негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының ХДҚ-ны толықтыруға қатысуын растауға арналған 66 772600 сом мөлшеріндегі сомдық қаражатты Қазақстан Республикасының Ұлттық банкідегі ХДҚ шотына кейіннен осы соманы ХДҚ белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің берілмейтін процентсіз міндеттемесіне алмастыра отырып бөлетін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі аталған қаражатты соммен оның шотына аудару туралы белгіленген ережелерді сақтай отырып, Халықаралық даму қауымдастығына мұны хабарлайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі